

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі арасында Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қарашадағы N 1122 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі арасында Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі - Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат беріліп, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі арасында Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппины Республикасының Үкіметі, екі ел арасындағы достық пен түсіністік қатынастарды нығайтуға ұмтыла отырып, теңдік пен өзара тиімділік негізінде туризмді дамыту мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар, Тараптар мемлекеттерінің теңдік және өзара тиімділік негізінде туризм саласында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2-бап

Тараптар, өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес туристік мақсатта екі ел арасында саяхат жасайтын Тараптар мемлекеттерінің азаматтары үшін шекаралық және кедендік оңайлатылған ресімдердің қолданылуына ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жеке кәсіпорындардың қызметін инвестициялауды қоса алғанда, туристік салаға инвестициялар салуға ықпал ететін болады.

4-бап

Тараптар, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арасында туристік ресурстарды басқарудағы ақпараттармен, біліммен және тәжірибелермен, қолданып жүрген нормативтік құқықтық актілермен, табиғи да, мәдени де ресурстар ретінде оларды сақтау мен тұрақты дамыту жөніндегі шаралармен алмасу арқылы туристік қызметті үйлестіруді жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туризм саласындағы оқу технологияларымен және зерттеулерімен алмасатын болады, сондай-ақ Тараптардың уәкілетті органдарының арасындағы жекелеген шарттың негізінде туристік бизнесті ұйымдастырудағы, басқарудағы тәжірибелермен алмасуға ықпал етеді және туризм саласының қызметшілерін оқытуда бір-біріне жәрдем көрсететін болады.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау үшін жауапты уәкілетті органдар:
қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі
а г е н т т і г і ;

филиппины тарапынан - Филиппины Республикасының Туризм департаменті болып
т а б ы л а д ы .

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе қызметтері өзгерген жағдайда, дипломатиялық арналар арқылы Тараптарға уақтылы хабарланатын болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісім бес жылға жасалады және егер Тараптардың бір де біреуі тиісті бес жылдық кезеңнің аяқталуына кем дегенде алты ай қалғанға дейін дипломатиялық арналар арқылы өзінің іс-әрекетін тоқтату туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, оның күші келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгеше белгілемесе, оның іс-әрекеті барысында қабылдануы мүмкін бағдарламалардың орындалуына әсер етпейді.

200__ жылғы "___" _____ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық мәтіндердің күші бірікпей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Филиппины Республикасының

Үкіметі үшін

РҚАО-ның ескертпесі: әрі қарай мәтін ағылшын тілінде берілген (нұсқаны қағаз мәтіннен қараңыз).